


Калинин ауылдық кітапханасы.

Калинин ауылы өзінің ресми атауын Коммунистік партияның қайраткері М.И.Калининнің құрметіне 1973 жылы қараша айында Қаз.КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Указы бойынша алған.

Калинин кеңшары тұрғындардың әлеуметтік-мәдени тұрмысына көп көңіл бөлді. 1931-1938 жылдар аралығында ауылға аурухана, клуб, тігін цехы, бала бақша, монша салынды. Көптеген жылдар бойы ауыл клубы тұрғындардың мақтанышына айналған мәдениет ошағы болды.

1930 жылдары оны А.Н.Зайко басқарды. Бірінші клуб Фрунзе көшесіндегі барак типті үлкен үйлердің бірінде орналасты, кейін 1940-1950 ж.ж. қазіргі жастар үйінің орнына



кірпіштен жаңа клуб салынды. Оның бір жағында кинозал, киноқондырғы, кітапхана, би және драма үйірмелеріне арналған бөлмелер, ал екінші жартысында аудандық партия комитеті, аудандық атқару комитеті, прокуратура, милиция, аудандық сот орналасты.

Кітапхана қоры шағын, шамамен 3000 данадай кітап болды. Оларды тың игерушілер Украинадан, Белорусиядан жіберді және қор кәсіподақ ұйымының ақшасына кітапханашының өзі сатып алған кітаптармен толықтырылды.

Ол кезде кітапханашы болып Симикина Валентина Львовна істеді, ол клуб көркемөнерпаздарымен бірге кеңшар жұмысшылары алдында өнер көрсетіп, әр түрлі байқауларға қатысты.

Көркемөнерпаздар тобының белсенді мүшелерінің бірі- Магалиш Галина Васильевна болды, кейін ол В.Л.Симыкинаның өтініші бойынша 1966 жылы одан кітапхананы қабылдап алады.

1971 ж. Орал қаласында 1 мамыр мейрамы (Г.В.Магалиш оң жақта 4-інші)

Кітапхананы бөлек ғимаратқа көшіріп, жұмысшылар комитеті сөрелер, көрмелерге стелаж алып береді. Кітапхана қоры жаңа кітаптармен, газет –журналдармен толықтырылды.

Әдебиеттердің көбеюімен жаңа оқырмандар да көптеп келе бастады.

1976 жылдары кітапханаларды орталықтандыру басталады.

1978 жылы Магалиш Галина Васильевнадан кітапхананы Каштанова Валентина Михайловна қабылдап алады.

Валентина Михайловна бір жыл ғана жұмыс істеп кітапхана мен ауыл үшін көп пайда келтірді. Кітапхананың жұмыс кестесі таңертеңгі сағат 9-дан кешкі 20-ға дейін істеді, оқырмандар жылына 500-550-дей болы. Кітап қоры негізінен көркем әдебиеттерден, тың игерушілер әкелген украин тіліндегі кітаптардан және кітапхананың жаздырып алған газет-журналдарынан тұрды.

Жаңа кітаптар аудандық кітапханадан түсіп тұрды. Кітапхана кеңшардың шеберханасы мен нан қабылдау пунктіне стационарлық қызмет көрсетті. Сонымен қатар, кітапханашы Камен орта мектебімен тығыз байланыста жұмыс жасады. Ол кезде мектеп кітапханашысы Саяпина Лидия Владимировна болды, олар Валентина Михайловна екеуі



бірігіп, атаулы күндерге, жазушылардың мерейтойларына арнап іс-шаралар өткізді. 1979 жылы Валентина Михайловна аудандық кітапханаға ауысады да орнына Радионова Валентина Сергеевна келеді. Ол мезгілде кітапхана кеңшардың диспетчер пунктiнiң бөлмесiнде орналасқан едi. Кiтапханаға кеңшардан 5-6 шақырым қашықтықтағы Поливное бөлiмшесi бекiтiлiп берiлген едi. Поливное бөлiмшесi кеңшардың мақтаньшы болды, онда бақша дақылдары егiлiп, түрлi жемiс ағаштарынан бау-бақша өсiрiлдi.

Күзде мол өнiмдi жинауға мектеп оқушылары мен студенттер көмектестi. Ал кiтапхананың мiндетiне тұрғындарды кiтаппен қамтамасыз ету кiрдi. Кiтапханашы әр аптаның жұмасы күнi Поливнойға жаяу барып жүрдi, шамамен, 30-38 адам жылжымалы кiтапхананың тұрақты оқырмандары болды.

Өнiм жинау науқаны кезiнде мәдениет үйi қызмекерлерiмен бiрге кiтапханашы да шығып, әдебиеттерге шолулар, дауыстап оқулар өткiзiп тұрды.

Валентина Сергеевна кiтапханашы болып жұмыс iстеген уақытында мақтау грамоталарымен аз марапатталған жоқ, сол сияқты “Үздiк кiтапхана” вымпелымен де марапатталды.

1986 жылға дейiн Калинин ауылдық кiтапханасында iстеген Валентина Сергеевнаны аудандық кiтапханаға кiтапханашы етiп ауыстырады. Онда ол 1994 жылға дейiн iстеп, кеңшардың кiтапханасына қайтып келедi. Бiрақ бiр жыл iстегеннен кейiн, ОКЖ –нiң әдiскерi болып ауысады.



1986 - 1994 жылдар аралығында кiтапханашы болып: А.Родионов, А.Мусакулова, Н.Долина, Г.Шевченколар жұмыс жасады.

1995 жылы оның орнына Чиркова Ирина Павловна орналасып, 2009 жылға

дейiн жұмыс жасады.

Кiтапханашы И.П.Чиркова кiтап қорын оқырмандардың талабына сай орналастырып, кiтапханада жаңадан түскен әдебиеттерден ақпарат берiп және кiтап көрмелер ұйымдастырып, өлкетану әдебиетерiн жинақтап, кiтапхана жанынан оқырманмен қызықты клуб ұйымдастырды.

2009 жылдан кiтапханашы болып Ханшаим Орынбаевна Кусегенова жұмыс iстеп келедi. Кiтапханашылық қызметiн 1980 жылдары Камен ауданында бастаған Ханшаим Орынбаевна 1988 жылы Әл-Фараби атындағы Шымкент педагогика мәдениет институтын кiтапханатану және библиография мамандығы бойынша бiтiредi. 2000 жылдан берi Зеленов аудандық ОКЖ-сiнiң аудандық және аудандық



балалар кiтапханасында кiтапханашылық болып iстесе, бүгiнгi күнi Калинин ауылдық кiтапханасының кiтапханашысы болып жемiстi еңбек етiп келедi. Қазiр кiтапхананың әр жастағы және әр түрлi мамандықтары бар 850 пайдаланушысы тұрақты қатынасып тұрады. Кiтап қоры 13918 дана, оның iшiнде 2373-данасы қазақ тiлiндегi әдебиеттер.



2019-2022 жылдары аралығында кiтапханашы Букеева Карима Санейахметқызы қызмет еттi.

2022 жылдан бастап кiтапханашы Тулеуова Айнагүл Мағзомқызы.